

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАС РЕДАКТОРЛАР КЛУБЫ  
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ  
БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ БАСПА ІСІ КАФЕДРАСЫ

**«ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

атты Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі,  
Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі  
филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы  
Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған халықаралық  
ғылыми-тәжірибелік конференция МАТЕРИАЛДАРЫ

24 қараша, 2023 жыл

Астана, 2023

**ӘОЖ 070+821.512.122.0**  
**ҚБЖ 76.01+83.3 (5 Каз)**  
**X17**

**Жалпы редакциясын басқарған**  
филология ғылымдарының кандидаты, профессор Қ.Ө.Сақ  
**Жауапты редактор - құрастырушы:**  
филология ғылымдарының кандидаты, профессор М.Б.Тоқтағазин  
**Құрастырушы –** филология ғылымдарының кандидаты А.Қ.Умбетова

Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған «ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана, 24 қараша, 2024 жыл / жауапты редактор - құрастырушы М.Б.Тоқтағазин, құрастырушы А.Қ.Умбетова. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023. -333 б.

**ISBN 978-601-337-930-2**

Жинақ Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналып, «Журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы аясында шығарылды. Ғылыми еңбекке еліміздегі және шет елдердегі ғалым-зерттеушілердің журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары туралы тың мақалалары мен елге танымал ғалымдардың, педагогтар мен басқа да танымал тұлғалардың профессор С.Е.Тапанованың ғалым, ұстаз, тәлімгер ретіндегі келбетін ашатын мақала, естелік, эсселері енгізілген.

Ғылыми жинақ материалдары студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, жас зерттеушілер мен қаламгерлерге және жалпы көпшілік оқырмандарға арналған.

**ISBN 978-601-337-930-2**

**ӘОЖ 070+821.512.122.0**  
©Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023

## МАЗМҰНЫ

### АЛҒЫ СӨЗ

|                  |   |
|------------------|---|
| Сыдықов Е.Б..... | 3 |
|------------------|---|

### I БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

|                                                                                                                                |    |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| Пронин А. Ресурсный подход в исследования масс-медиа: к постановке проблемы.....                                               | 4  |
| Алламбергенова П. Қарақалпақстан телевидениеcіндегі парламент журналистикасы.....                                              | 6  |
| Ишанова А. Маклюэн и его концепция социальных медиа.....                                                                       | 8  |
| Таштемирова З. Об основных свойствах и категориях медиатекста.....                                                             | 13 |
| Джуракулова Г, Спикердің аудиториямен жұмыс істеу принциптер.....                                                              | 17 |
| Жұмабекова Ф.Н, Дарменова А.Е. Болашақ мамандар даярлауда цифрлық технологияны пайдаланудың тиімділігі.....                    | 21 |
| Бахрамова М. Исследование гендерного фактора в речевом поведении.....                                                          | 28 |
| Козлов А, Канапьянов С. Становление и развитие военной журналистики Казахстана.....                                            | 33 |
| Мутугулина Н. Особенности современных сми в аспекте глобализации.....                                                          | 40 |
| Есенбекова Ұ. Жаңаарқалық профессордың даналық шуағы.....                                                                      | 44 |
| Шалғынбаева К, Жұпархан А. Оқушылардың танымдық белсенділігін сүйемелдеуге бұқаралық коммуникация құралдарының әсері.....      | 49 |
| Тоқтағазин М. Ғылым шыңындағы ғибратты ғалым.....                                                                              | 55 |
| Есенбекова Ұ, Рахымбаев Н. Қоғамдық сананың өсуі мен телевизияның даму кезеңдерінің технологиялық өзгерістермен байланысы..... | 58 |
| Баткеева Б. Мұзафар Әлімбаевтың редакторлық қызметі (ақынның 100- жылдық мерейтойына орай.....                                 | 66 |

|                                                                                                                                                                    |     |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <b>Умбетова А, Шауенова Г, Ерол А.</b> Абай Құнанбайұлы және алаш көсемсөзі.....                                                                                   | 70  |
| <b>Демьянова А, Насырова Р, Абишева В.</b> Сторителлинг как современная форма сказительства.....                                                                   | 75  |
| <b>Омарханов Ж.</b> Баспасөз қызметінің мемлекеттік құрылымдардағы рөлі: стратегиялары мен ықпалы.....                                                             | 80  |
| <b>Абдрахманова А.</b> Әлеуметтік медианың БАҚ саясатындағы рөлі және олардың экономикалық пайдасы.....                                                            | 83  |
| <b>Асилбек Ж.</b> Интернет бақ-тың ақпарат берудегі мультимедиялық құралдарды қолдануы.....                                                                        | 87  |
| <b>Мажитова Л, Каирова Г.</b> Бұқаралық-коммуникациялық қызмет жүйесіндегі журналистика психологиясы.....                                                          | 92  |
| <b>Тайжанова Г.</b> Қазақ терминологиясының даму белестері.....                                                                                                    | 95  |
| <b>Абилбекова И, Шурентаев А.</b> Медидағы балалар мен жастарға арналған білім беру контенті.....                                                                  | 98  |
| <b>Бахтиярқызы Ж.</b> 1996-2000 жылдар аралығында “Егемен Қазақстан” газетінде қозғалған әйелдер мәселесі.....                                                     | 102 |
| <b>Қазанбай Д, Жанпейісова Қ.</b> БАҚ-ғы кәсіпкерлікті реттеу және қолдау бойынша мемлекеттік саясатты талдау.....                                                 | 106 |
| <b>Калмурзина М, Сәрсенбаева А, Болатова Ж.</b> Ғылыми библиография дамуының әлеуметтік-институционалдық мәселелері.....                                           | 110 |
| <b>Жапаева Г, Жанпейісова Қ.</b> Ақпараттық кеңістікте діни фактордың талдануы.....                                                                                | 113 |
| <b>Төлекбаева Г.</b> «Abai tv» телеарнасындағы алаш тақырыбы.....                                                                                                  | 117 |
| <b>Мұратқызы С.</b> Камал Смайылов публицистикасындағы білім және ғылым тақырыбы.....                                                                              | 121 |
| <b>Асқар С.</b> Заманауи медидағы ғылым көрінісі: тенденциялар, кейстер мен перспективаларды талдау.....                                                           | 125 |
| <b>Kusainova A, Zhanysbaeva A.</b> The concept and features of criminal journalism.....                                                                            | 130 |
| <b>Қайратқызы А.</b> COVID-19 пандемиясы кезеңінде қазақстанда тұрмыстық зорлық зомбылықты реттеудегі масс-медианың рөлі.....                                      | 134 |
| <b>Айтбай А.</b> Қазақстанның медиа кеңістігіндегі креативті индустрия және медиаэтика мәселесі.....                                                               | 140 |
| <b>Болатова Ұ.</b> Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары үшін халықаралық идеологиялық егемендікті тұрақтандырудағы жаңа перспективалар мен сын - қатерлер..... | 145 |
| <b>Қабдрашев Б.</b> Саяси қақтығыстардағы манипуляция және жалған ақпарат.....                                                                                     | 149 |
| <b>Маханбетова А.</b> БАҚ-тағы қазіргі мәселелер мен фактчекингтің маңыздылығы.....                                                                                | 153 |
| <b>Қасымжанова Г.</b> Мобилография технологияларының қазақ тілді масс-медианы дамытудағы рөлі (qaz365.kz мысалында).....                                           | 157 |
| <b>Кудайберген С.</b> Интернеттің бала дамуына әсері.....                                                                                                          | 164 |

|                                                                                               |     |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <b>Жусупова Д.</b> Инклюзивті білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ..... | 170 |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------|-----|

## II ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ

|                                                                                                                                     |     |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <b>Еспенбетов А.</b> Сұлтанмахмұттанудың өзекті мәселелері.....                                                                     | 177 |
| <b>Ердембеков Б.</b> Абайдың поэзиядағы сыны.....                                                                                   | 184 |
| <b>Зейнулина А.Ф.,Ташекова А.Т.</b> Қазіргі қазақ романының тақырыптық-жанрлық көркемдігі.....                                      | 191 |
| <b>Хамзина Қ, Қалыбекова К. І.</b> Есенберлин және қазақ әдебиеті.....                                                              | 196 |
| <b>Умбетова А, Шауенова Г, Хамитова Э.</b> Тұманбай Молдағалиев поэзиясындағы эстетикалық идеал.....                                | 201 |
| <b>Смагулова А.</b> Абай қарасөздерінің тезаурусы.....                                                                              | 206 |
| <b>Алтайбекова К.</b> Әйелдер бейнесін жасаудағы алғашқы ізденістер.....                                                            | 212 |
| <b>Шегетайқызы Б.</b> Қазақ ақындарының шығармашылығындағы төрттіктер.....                                                          | 217 |
| <b>Кулибекова Ж, Бигужина Г.</b> Мағжан Жұмабаев және Солтүстік өңір қаламгерлерінің шығармашылығындағы өзара үндестік.....         | 221 |
| <b>Оралқызы З. Б.</b> Кенжебаев – әдебиет тарихының білгірі.....                                                                    | 225 |
| <b>Бердикенов У, Тоқсамбаева А.</b> Әдеби шығарма-тұлға дамытудың негізі немесе мектепте әдебиет пәнін жаһандық тұрғыдан оқыту..... | 230 |
| <b>Зеймұллаева Т.</b> Қазақ новеллаларының жанрлық сипаты мен көркемдік жүйесі.....                                                 | 235 |
| <b>Сыланова А, Тоқсамбаева А.</b> Қудалау қамытын киген ағайынды Қоңыратбаевтар.....                                                | 240 |
| <b>Кемелтай Е, Тоқсамбаева А.</b> Зейнолла Сәнік шығармаларындағы ұлттық құндылықтың көрінісі.....                                  | 245 |
| <b>Мубаракова С.Е.</b> XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті және Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әдеби мұрасы.....                          | 246 |
| <b>Байқон Қ,</b> Біржан салдың музыка әлеміндегі орны.....                                                                          | 252 |

|                                                                                                                                                                 |     |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <b>МаксUTOва А, Шатенова С.</b> Оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту жолында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер.....                                             | 255 |
| <b>Жайманова Н.</b> Әдебиет пәнін оқытудағы белсенді әдістер.....                                                                                               | 261 |
| <b>Амирова Э, Сабит Д.</b> Бастауыш сынып оқушыларының мәтіндер арқылы тілін дамытудың ерекшеліктері.....                                                       | 265 |
| <b>Умбетова С, Жасынбекова Б.</b> Әдебиет сабақтарына ақпараттық технологияны енгізу.....                                                                       | 269 |
| <b>Умбетова А, Балгимбекова А.</b> Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ғибрат – оқытудың қуатты құралы.....                                                       | 273 |
| <b>Балгимбекова А.</b> Әңгіме жанрын оқыту жолдары.....                                                                                                         | 277 |
| <b>Муханова М, Досжанова Б.</b> Оқу үдерісіндегі инновациялар.....                                                                                              | 282 |
| <b>Кулибекова Ж, Ережепова А.</b> Қазақ ертегілеріндегі жағымсыз кейіпкерлердің бала психологиясына әсері.....                                                  | 286 |
| <b>Альчимбаева Н, Райханова Г.</b> Қазақ поэмаларындағы хандар тұлғасы.....                                                                                     | 290 |
| <b>Доскенова К, Жандаулетова Ж.</b> Дәстүрлі қазақ қоғамындағы сал – серілер мұрасы.....                                                                        | 294 |
| <b>Байқон Қ.</b> Фариза Оңғарсынова шығармаларындағы өнер адамдарының бейнесі («Дыбыстар әлемі» және «Сайраған жетісудың бұлбұлымын» поэмалары негізінде) ..... | 299 |
| <b>Хамитова Э, Умбетова А.</b> Әйел бейнесі – қоғам бейнесі (профессор С.Тапанованың зерттеулері негізінде).....                                                | 302 |
| <b>Омарова К.</b> Көркем шығармағы әйел бейнесі Д.Исабековтың «Әпке» драмасы бойынша тапсырмалар топтамасы.....                                                 | 308 |
| <b>Жумабекова Г.</b> Оқылым дағдысын дамытудың тиімді жолдары.....                                                                                              | 313 |
| <b>Макатова А.</b> Қазіргі медиамәтіндердегі стереотиптер.....                                                                                                  | 317 |

тақырыбын қотара зерттеп, отандық ғылым қоржынына құнды қазыналарды қосты. «Қазақ романдарындағы ғашықтық сарын», «Қазақ басылымдарындағы әйелдер бейнесі», «Қазақ романдарындағы әйелдер бейнесі» атты монографиялары еліміздегі филология саласындағы белгілі ғалымдар тарапынан жоғары баға алуы кездейсоқ нәрсе емес.

Сәкең сонымен қатар университеттердің журналистика және филология факультеттерінің студенттері мен магистранттары, докторанттары қолынан тастамай оқитын «Қазақ әдебиетіндегі ақтандақтар», «Әйелдер образын жасаудағы алғашқы тәжірибелер», «Қазақ тарихи романдарындағы махаббат желісі», «Психологиялық романдардағы махаббат тақырыбы», «Қазіргі қазақ әдебиеті (кредиттік оқу жүйесіне негізделген дәрістер)» атты оқу құралдарының авторы. Сонымен қатар тәжірибелі әдіскер-ғалым ретінде «Мектеп оқушыларына шешендік өнер сабағын оқыту», «Жоғары сынып оқушыларына ақын-жазушылардың өмірбаянын оқыту», «Мектептерде қазақ әдебиетін жүргізудің тиімді жолдары», «Шәкәрім шығармаларын оқыту», «С.Торайғыров шығармаларын оқыту», «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары», «Журналистика және шешендік өнер», «БАҚ тілі мен стилі» сынды оқу-әдістемелік құралдарын жазу, үш жүзге жуық ғылыми мақаланы баспа бетінде жарыққа шығару оңай-оспақ шаруа дей алмассыз. Бұл-айтуға ғана оңай. Оның ар жағында кітапханалардағы, іргелі ғылыми базалардағы табанды ізденіс-зерттеулер, еселі еңбек жатыр. Оның қаншалықты қиын екендігін осы «алқапта» істейтін «диқандар» ғана білетін болар! Осыдан кейін кез-келген зиялы адам Сәуле Есембекқызын ҒЫЛЫМ ШЫҢЫНДАҒЫ ҒИБРАТТЫ ҒАЛЫМ деп ауыз толтыра айтары хақ. Мұндай биікке жеткен де бар, жетпеген де бар.

Ең бастысы, СӘКЕҢ – БАҚЫТТЫ ЖАН. Жолдасы Рамазан ағам екеуі мәуелі бәйтеректей жайқалған шырайлы шаңырақ құра алды. Ішкі істер органдарында абыройлы қызмет атқарған ағамыз жұбайы дегенде ерекше мәдениеттілікпен құрақ ұшып тұрады ғой. Қыс болса тоңып қалмасын, жаз болса ыстықтап кетпесін деп апайымызды ешкімге сенбей өзі келіп машинасымен алып кетіп, жомарт жүрегімен жарқылдап жүргені. Балаларының бәрі өмірден өз орындарын қапысыз тауып, ата-аналарының көз қуанышы болуда. Ал немерелері ата-әжесінің үйіне баруға асығып, ата-аналарының мазасын алып болады екен. Бақыт деген міне – ОСЫ!

Қызметте құрметке бөленген, отбасында шаттыққа кенелген, мыңдаған шәкірттерінің алғысын алған Сәуле Есембекқызына Алла тағала ұзақ өмірді нәсіп етпей!

## **ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫҢ ӨСУІ МЕН ТЕЛЕВИЗИЯНЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРМЕН БАЙЛАНЫСЫ**

**Ұлбосын Есенбекова,**  
филология ғылымдарының кандидаты,  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры,  
**Нұрсұлтан Рахымбаев,**  
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика және саясаттану  
факультетінің докторанты,  
Астана, Қазақстан

Қазіргі отандық медиада, оның ішінде, телевизиялық хабар тарату сегментінде болып жатқан процестерді бағалау аса маңызды. Бұл үшін телевизияның пайда болуы мен дамуының басты кезеңдерін жүйелеп, анықтап алған дұрыс. Технологиялық және шығармашылық идеялардың бірігуінің нәтижесінде жасалған телеконтент пен интернет-контент ақпараттың конвергенттік мазмұнын байытып отыр.

Бүгінгі бұқаралық коммуникация саласында болып жатқан көптеген құбылыстардың себебін, олардың бір-біріне өзара ықпалын телевизияның даму кезеңдерімен, қоғамның технологиялық даму деңгейімен байланыстыра іздеген жөн. XX-ғасырда басталған телевизиялық эраның сипаттарын жіктеу арқылы телевизиялық хабар таратудың даму кезеңдерін төмендегідей жүйелеуге болады.

Бірінші кезең физика ғылымында фундаменталды заңдылықтардың ашылуымен, ғылыми ізденістермен байланысты. «Тірі» бейненің электр сигналдары арқылы қашықтыққа берілуі, телевизиялық жүйенің эксперименталды түрде жасалуы бұл кезеңнің басты жаңалығы болды. 1931 жылы 25 сәуірде Бүкілодақтық радиотехникалық институттың радиостанциясы мынандай хабарлама таратты: «29 сәуірде Кеңестік Социалистік Республикалар Одағында тұңғыш рет телевизиялық (қашықтыққа) хабар тарату жүргізіліп, тірі бейне мен фотосуреттер көрсетілетін болады». Институт зертханасы қызметкерлерінің бейнесі мен фотосуреттері сол күні қашықтыққа берілген ең алғашқы кадрлер болған еді. 1931 жылы 1 қазаннан бастап эфирге аптасына 3 рет хронометражы 1 сағаттан «механикалық» телевизияның хабарлары шыға бастады. *1933 жылдың соңында «механикалық» телевизияның жұмысы тоқтатылып, оның орнына электронды телевизия келді.*

Екінші кезеңде кеңестік дәуірдегі хабар тарату эксперимент түрінде басталды. Телесигнал тарататын қондырғылар мен ретрансляторлардың жетілдірілген түрлері пайда болып, үлкен қалаларда қарапайым телеқабылдағыштар сатылымға шығарылды. Тұрақты хабар тарату 1939 жылдың 10 наурызында «Союзхроника» бірлестігі дайындаған Большевиктердің Бүкілресейлік коммунистік партиясының XIII съезінің ашылуынан түсірілген фильмді көрсетумен басталды. Сол жылдарда телебағдарламалардың элементтері эстрада, балет пен опера спектакльдерінің үзінділерінен тұратын еді. Кейінірек қоғамдық-саяси бағдарламалардан түрлі

деңгейдегі басшы қызметкерлер, өндіріс озаттары, атақты ғалымдар, әртістер, жазушылар көріне бастады [1].

Телевизияда алғаш рет жаңалықтар 1940 жылдың маусымында шығып, кадрде диктор соңғы ақпараттарды оқитын болған. Телевизияның дамуында ең маңызды техникалық өзгеріс Жылжымалы телевизиялық станциялардың (ЖТС) өмірге келуімен байланысты болды. ЖТС арқылы телестудиядан тыс жерлерден репортаж беруге мүмкіндік туды. Осындай алғашқы репортаж 1949 жылдың 29 маусымында Мәскеудің «Динамо» стадионында өткен футбол ойынынан берілді. Сол кезде шыға бастаған «Күн жаңалықтары» ақпараттық киножурналы қазіргі заманғы ақпараттық сараптамалық бағдарламалардың ізашары еді.

Үшінші кезеңде күнделікті бірнеше сағат хабар таратылып, тұрақты хабар тарату басталды. Көптеген телевизиялық сигналдардың стандарттары пайда болып, телеқабылдағыштар шығару өндірістік жолға қойылды.

Телевизия – бұқаралық ақпарат құралы болып қалыптаса бастады. Кеңестік телевизия тарихында 1954 жылы тележурналист деген жаңа мамандық пайда болды. Тұрақты телебағдарламалар шығып, олар саяси, қоғамдық және мәдени өмірге ықпал ете бастады. Мыңдаған отбасылар телеқабылдағыштар сатып алып, телехабарлар көру қолжетімді болды, телевизия радио мен газет-журналдармен дәрежесі теңесті.

Телевизия тарихында тұңғыш рет авторлық сипаттағы телерепортажды 1954 жылы Ангара өзенінде салынып жатқан электр станцияларының каскадынан журналист Евгений Рябчиков жүргізді. Бұл репортаж арқылы ақпаратты естіп қана емес, сол ақпаратты беретін адамды қашықтан көріп, тыңдауға болатыны дәлелденді. Қазіргі тележурналистика терминімен айтқанда Евгений Рябчиков «stand-up» режимінде эфирге хабар шығарған бірінші журналист болды.

Бұл кезеңде әртүрлі аудиторияға арналған хабарлар дүниеге келе бастады. Олар балаларға, жастарға, әйелдерге, әскери қызметкерлерге, қала немесе ауыл тұрғындарына арналды. 1961 жылы бас редактор қызметінен басқа эфирге хабар таратуды жоспарлау бөлімдері құрылып, дәл уақытты көрсететін сағат, ауа райы сияқты телевизиялық элементтер өмірге келді.

Мәскеуде 1950-жылдардың басында 15 мың телевизор болған екен. Телевизияның бағдарламалық саясаты көркем және деректі фильмдер, спектакльдер мен концерттер көрсетуге бейімделген болатын. 1957 жылы Кеңестер Одағында 1 миллиондық телеқабылдағыш шығарылды. Мемлекет пен партия басшылары радио мен баспа сияқты телевизия да жетекші бұқаралық ақпарат құралына айналды деп мойындай бастады. Телевизияға үгіт-насихат мәселелерін шешу жүктелетін болды.

1956 жылы 1 мамырда алғаш рет мерекеге арналған парад пен демонстрациядан репортаж режимінде телетрансляция берілді. 1957 жылы Мәскеуде өткен Жастар мен студенттердің дүниежүзілік фестивалі кеңестік телевизия саласының дамуына күшті импульс берді. Фестивальді көрсетуде

телевизияға көп салмақ артылды. Осы үлкен іс-шараға арнайы телеорталық салынды, жаңа 6 жылжымалы телестанция жасалды.

Төртінші кезеңде 1960-жылдардың басында телевизия жетекші бұқаралық ақпарат құралына айналды. Телевизияның беделі мен халықтың санасына әсері күшейді, кеңестік билік пен коммунистік партияның ең мықты насихат құралына айналды. 1960 жылы қаңтарда Коммунистік партияның Орталық комитеті «Кеңестік телевизияны одан ірі дамыту туралы» қаулы да қабылдаған. Бұл Кеңестік телевизияның ары қарай даму процесіне ерекше үдеу берген қаулы болды.

Жаңа техникалық құрал – видеожазба мен алғашқы видеожазба материалдары 1960-жылы өмірге келді. Кеңестік телевизияда алғашқы видеоматериалдар «Время» ақпараттық бағдарламасында қолданыла бастады. Ал, «Время» бағдарламасы эфирге 1968 жылдың 1 қаңтарынан шыға бастады. Болған оқиғаны видео таспаға жазып, оны монтаждау телевизия саласы үшін революциялық жаңалық болып тарихқа енді.

Бұрын тек тікелей эфирде шығып, телевизия басшыларының цензурасынан аман қалатын шынайы, сыни көзқарастағы репортаждар, «Голубой огонек», «КВН», «Пресс-центр» сияқты өткір әзіл мен коммунистік идеологияға қарсы келетін пікірлер айтылатын хабарлар енді видеомонтажға сүйенген цензураның сүзгісінен қырқылып, жонылып эфирге шығатын болды. Дәл осы кезеңде Мәскеуде Останкино телемұнарасы қолданысқа берілді, түрлі-түсті телевизия 1967 жылы 1 қазанда әйгілі Шаболовка телеорталығынан көрсетіле бастады [2].

Бұқаралық коммуникация құралдарының ішінде телевизия аз уақыттың ішінде ең мықты, жетекші деген теңеулерге ие болды. Бұның дәлелі ретінде 1978 жылдың шілдесінде Кеңестер Одағының Телевизия мен радио хабарларын тарату мемлекеттік комитеті құрылды. Оның төрағасы тікелей мемлекет пен партияның сол кездегі басшысы Л.И.Брежневке бағынды.

Мәскеуде 1980 жылы өткен XXII Олимпиада ойындары кеңестік, сонымен бірге, Қазақ телевизиясының дамуына да ерекше ықпал етті. Социалистік жүйенің артықшылығын көрсетуді мақсат еткен ойындарды жоғары деңгейде өткізу үшін Кеңестер Одағының басшылығы Олимпиаданың шетелдерге жақсы сапада көрсетілуі үшін телевизия саласына қаржыны аямады. 1980-жылдың басында 300 телевизиялық журналистік кешен, 200 видеомагнитофон сатып алды. Телевизиялық журналистік кешендердің құрамына мынандай техника мен жабдықтар кіреді: телекамера, штатив, камераның жарығы, микрофон, дыбыс кабелі, құлаққап, аккумулятор, қуат беруші құрылғы.

Арнайы тапсырыс бойынша алынған француздық 50 жаңа Жылжымалы телевизиялық станциялар спорт ойындарынан халықаралық стандарттарға сәйкес трансляция жасауға мүмкіндік берді. Осындай ірі спорттық оқиғаны көрсетуге және жаңа техникамен жұмыс істеуге барлық кеңестік республикалардан, соның ішінде Қазақ КСР-нан да мыңдаған журналистер тартылды. Бұл алып кеңестік мемлекеттің алыс аймақтарында

телевизияның дамуына үлкен қозғау берді. Олимпиаданы ақпараттық жағынан қамтамасыз еткен журналистердің 70% одақтық республикалардан келген журналистер еді [3].

Заманауи телевизиялық кешендермен жұмыс істеп үйренген, жаңа журналистік әдістерді меңгерген мамандар өздерімен бірге кәсіби білім мен техниканы да алып қайтты. Мысалы, Жылжымалы телевизиялық станциялардың көпшілігі Олимпиада аяқталған соң аймақтық телеорталықтарға беріліп, тағы 20 жылдай тиімді қызмет етті.

Бесінші кезеңнің ерекшелігіне жекеменшік телеарналардың пайда болуын, телевизияның коммерциялық сипатының күшейе бастауын, ақпараттық салада мемлекеттің ықпалының күшеюін жатқызамыз. Технологиялық жаңалықтардың көмегімен телекомпаниялар көбейді, спутниктік және кабельдік телеарналар ашылды, ғаламдық деңгейде ақпараттың монетизациялануы салдарынан барлық электронды бұқаралық ақпарат құралдарының коммерциялық нышаны күшейе дамыды.

Қазақ қоғамында ұлттық сананың жаңғыруы телевизияға 1980-жылдардың соңы мен 1990 жылдардың басында үлкен қуат берді. Ұлттық тілге, ұлттық мәдениетке, руханиятқа сұраныстар күшейе түсті. Осындай кезеңде телевизия мен радио саласын басқарған азаматтардың ерік-жігерімен жаңаша редакциялық идеология мен шығармашылық еркіндік сезіле бастады. Қазақ тележурналистері ұлттық мүдде, қоғамдағы ащы шындықты, проблемаларды ашық айта бастады. Көрермен телеэкраннан әділет пен ақиқат іздейтін болды.

Заманның сұранысымен 1990-жылдары коммерциялық, яғни жекеменшік телеарналар мен радиостанциялар пайда болды, мемлекеттік телерадиомен қатар олар да көрермен үшін бәсекеге түсе бастады. КТК, 31 телеарна, Тан, Рахат сияқты телеарналар эфирге шықты. Олардың танымалдығы жылдам өсті, жаңалықтарды жедел және жиі беруінің арқасында, сол кездегі саяси-экономикалық реформаларды батыл сынауымен ерекшеленді. Шетелдік телеарналардың хабарларын ретрансляция жасап та өз рейтингтерін көтеріп жатты. Бұл 70 жыл бойы жабық қоғамда өмір сүрген қоғам үшін заңды құбылыс еді. Барлық идеологиялық шектеулер алынып тастап, өзінің ұлттық идеологиялық парадигмасын қалыптастырып үлгермеген уақытта осындай коммерциялық телеарналар көрерменнің бұрын көре алмаған өнімдерін ұсынып тез танылып дамыды [4].

Бұндай жағдайдан бірнеше жылдарға созылған қоғамдық сананың есею арқылы шығуға болатын еді. Осындай тұжырымның әсерінен ұлттың дамуы, демократияның Қазақстандағы оң перспективасының тағдыры елдегі ақпараттық салаға түбегейлі тәуелді екенін ескеріп Үкімет мемлекеттік телеарналар мен радиостанциялардың қаржылық, техникалық жағдайына, редакциялық идеология мәселесіне көңіл бөле бастады.

Телевизия саласының мамандары сол кезеңдегі құбылыстардың 3 қағидалық жаңашылдығын атайды:

1. Қатаң вертикалды басқарудың үлгісінен горизонталды қарым-қатынасқа көшу,
2. Телевизиялық контенттің әртүрлі бағытта, желілік түрде таралуы,
3. Телевизиялық шығармашылықта экономикалық аспектілердің күшеюі, телевизия саласының коммерциялық нышанының басымдыққа шығуы.

Коммерциялық телевизия мен радио арналар алғаш болып жарнаманың қаншалықты табыс көзі екенін сезініп, көрерменнің көңілін аулау үшін көркемдік деңгейі төмен, рухани жағынан жұтаң, тіпті, ұлт пен мемлекет үшін зиянды батыстық үлгіде жасалған контент таратып, қоғамдық өмірдегі идеологиялық вакуумды одан сайын күрделендіріп жіберді. Көпшілік көрерменнің телеэкранға деген сенімі бұрынғы коммунистік идеологияның әсерімен өте күшті болса, енді бұндай сенім ыдырай бастады.

1990-жылдардың өзінде Қазақстан әлемдік ақпараттық кеңістіктен оқшаулауды көздеген жоқ. Керісінше, әлемдік бұқаралық коммуникация құралдарының рөлін сараптай келген Қазақстанның мемлекеттік органдары батыс елдерінің журналистикасы бастан кешірген, бүгінде өздері үшін де күлкі туғызатын қоғамдық пікірді манипуляциялау жолдарын, санаға әсер ету үшін деректерді бұрмалау, жеке пікірлер мен көзқарастарды мәжбүрлеп таңу, аудиторияны еліктіру үшін оқиғаларды ойдан құрастыру, жаңалықтарға оппозициялық сипат беру сияқты әдістерден біртіндеп арылу жолын таңдап алды.

1990-жылдардың соңына дейін қоғамдық өмірде телеэкрандағы сөз бен көрініске деген көрермен сенімі мықты болды. Тек мемлекеттік телеарналарда түсіндіру жұмыстары, ақ пен қараны ажыратуға арналған телевизиялық саясат жүргізіле бастағаннан кейін көрермен талғамы мен сенімі біртіндеп сыни көзқараспен алмасты. Осындай күрделі мәселелерге мемлекет тездетіп төрелік айтуы қажет болды және бұл процесті мемлекеттік биліктің өзі бастап берді. 1994 жылы бұқаралық коммуникация құралдарының басшыларымен кездесуде Үкімет басшылары тарапынан «жас тәуелсіз мемлекеттердегі аса күрделі ішкі процестер сыртқы көзқараспен бағаланып, үстірт және біржақты түсіндірілетінін, бұның өзі мемлекеттің шынайы тәуелсіздікті нығайту үрдісіне кедергі болатыны» айтылды. Ал, сыртқы ақпарат көздерін жауып, ақпараттық кеңістігімізді тарылтсақ даму жолымызды да тұйықталатыны анық еді. Ақпараттық тұйықталудың рухани, мәдени, саяси және экономикалық тұйықталуға соқтықтыратыны да белгілі.

Журналистер үшін «азаматтардың нақты өмір шындығы қайсы, көпірме, жалған сөздің қайда екенін, ақиқаттың қайда және өз басының қамы үшін бұрмалаушылықтың қайда екенін, іскерлік, парасат қайда екенін, сондай-ақ пысықайлық қайда екенін, халыққа қызмет етудің қайда екенін білуіне мүмкіндік туғызу да маңызды міндет. Халыққа осынау мәселелерді дұрыс түсінуге көмектесу бұқаралық коммуникация құралдарына артылған үлкен жауапкершілік» деп бағаланады [5].

Бүгінгі көрермен, әрине, 90-жылдарда телеэкраннан берілген хабарға алдана қоймайды. Қазіргі көрерменнің талғамы да, түсінігі де, сұранысы да

өскен. Қоғамдағы бұқаралық коммуникацияның рөліне, журналисттің тұлғасына қатысты мәселелер халықаралық деңгейде 1986 жылы Бельгияда (Брюссель) өткен Халықаралық журналистер одағының съезінде қабылданған декларациясында да айтылған. Бұл құжатта: «Шындықты құрметтеу, оны білгісі келетін қоғамның құқығы екенін түсініп құрметтеу – журналист үшін мәртебелі міндет» деп айтылған. Осы декларацияда журналист өзінің қоғам алдындағы жауапкершілігін ерекше сезіне отырып өзінің қызметінде тек толық зерттелген деректерге сүйеніп, ақпарат құралдарында тапсырыспен шу көтермеуі, саяси немесе өзге де залалды көзқарастарды басқаларға мәжбүрлеп таңбауы керектігі жазылған.

Егер жарияланған мақала елге зиян шектіретінін білсе, онда журналист оны жөндеп, түзетуге бар мүмкіндігін салуы қажет. Әлем журналистері қабылдаған декларацияда деректерді қасақана бұрмалау, біреуге жала жабу, абыройына нұқсан келтіру, мазақтау, тапсырыспен материал жазу сияқты арсыз қадамдар айыпталған.

Ұлттық коммуникациялық орта қалыптастыру және бұқаралық коммуникация құралдарының қызметін жетілдіру мақсатында 1997 жылғы 3 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының біртұтас ақпарат кеңістігін қалыптастыру туралы» Президенттің Жарлығы қабылданды. Ақпараттық кеңістікті саясиландыруға жол берілмейтіні атап көрсетіліп, әлемдік тәжірибедегі озық үлгілерді қолдану, оған ұлттық, қазақстандық мазмұн беру қажеттігі, жаңа ақпараттық технологияларды жедел меңгеруге назар аударылды. Бұл Жарлық 1991 жылғы 28 тамызда қабылданған «Баспасөз және бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңның мазмұнын ашты, толықтырды.

Алтыншы кезеңде телевизияның жаңа цифрлық дәуірі басталды. 1990-жылдардың соңынан бастап-ақ телевизия саласына бірыңғай цифрлық платформалар енгізілді, интернет желісі пайда болып, ерекше қарқынмен дамыды. Бұқаралық коммуникация құралдары конвергенттікке қарай түрленді. Ақпараттық аудитория бөлшектеніп, бірнеше фрагментке ыдырады, басым көпшілігі интернет ресурстарға кетті.

Цифрлық технологиялардың пайда болуымен қазіргі медиалардың формасы мен мазмұны түбегейлі трансформацияланды. Бұқаралық аудиторияға медиаөнімдерді тасымалдайтын барлық техникалық платформалардың цифрлық технологияларға ауысуынан ақпарат жинау мен тарату үлкен өзгерістерге ұшырады. Цифрлық дәуірдің басты сипаттары: аналогтық контенттің цифрлық стандартқа ауысуы; цифрлық технологиялардың көмегімен коммуникативтік процестердің халыққа қолжетімді қарапайым алгоритмде жасалуы; коммуникативтік байланыстардың вертикалды үлгісінен бірдеңгейлі горизонталды жүйеге алмасуы болды [6].

Цифрландыру үрдісіне қатысты барлық өзгерістер телевизиялық өнімдерде де анық байқалды. Жаңа технологиялар ақпаратты өңдеу мен тарату уақытын бірнеше есеге азайтты. Ақпарат көлемі артты, цифрлық монтаждың әсерінен оның сапасы жақсарды.

Телевизияның қызметіндегі экономикалық өлшемдер де жаңа технологиялық дәуірде шешуші орынға шыға бастады. Арнайы сараптамалардың нәтижесі көрсеткендей 2016 жылдың өзінде ресейлік «Первый канал» мен ВГТРК холдингі («Россия» телеарналар тобы) әрқайсысы 1 млрд. АҚШ долларына жуық табыс тапқан. Ал, федералдық көшбасшы телеарналардың үштігіне енетін НТВ телеарнасының табысы 800 млн. АҚШ долларын құраған. Бұл сол кезеңде рекордтық көрсеткіштер болып есептелді. Ал, ақылы телеарналарды таратушы басты операторлардың үштігінің табыстары мынандай болған: Ростелеком – 8,3 млрд. АҚШ доллары, МТС – 9,2 млрд. АҚШ доллары, Вымпел-Коммуникации – 9,04 млрд. АҚШ доллары.

Бұл экономикалық көрсеткіштер нарықтағы тұтынушы санының жылдам өсуін де дәлелдеп отыр. Қарапайым халық интернетке қосылған цифрлық құрылғылардың көмегімен әлемнің кез-келген нүктесінен шұғыл мәліметтер алып, оны әлеуметтік желілер арқылы тарататын болды. Цифрлық технологиялар олардың сапасының өте жоғары болуын да қамтамасыз етеді.

Дәл осы цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері интернеттегі жаңа медиалар мен БКҚ-ның (бұқаралық коммуникация құралдары) дамуында басты платформа болды. Жаңа медианың жедел дамуының арқасында телевизиялық өндіріс пен оның ақпараттық қамтылуы басқа сапалық өлшеммен қызмет ете бастады. Осылайша, қазақстандық телевизия 40-жылдай кеңестік телевизияның құрамдас бөлігі болып үлкен даму жолынан өтсе, соңғы 25 жылда цифрлық технологияның ықпалымен жетекші БКҚ-ға айналды.

Бүгінгі технологиялық жаңаруды бастан кешіріп отырған телевизияға тән көптеген процестердің төркінінде осы саланың бұрынғы жүріп өткен жолында фундаменталды заңдылықтардың өзгермейтінін байқауға болады. Телевизияның бастапқы кезеңдердегі өсу үрдісін зерттей келе, жаңа технологиялық құралдардың адам өмірін жылдам өзгертетінін, адамның санасы мен қоғамдық қарым-қатынастардың жылдам трансформациясына әсерін байқаймыз. Телевизияда бұрыннан қолданылып келген технологиялық және шығармашылық тәсілдердің біразы бүгінге дейін сақталып келсе де, қазіргі хабарлардың мазмұны, жанры мен формасы жаңа дәуірге бейімделіп өзгерістерге ұшыраған. Бұның бәрі қоғамдық сананың, аудитория талғамының ықпалымен жүріп жатқан және жалғаса беретін процестер деп бағаланды.

**Қаржыландыру:** Бұл зерттеу мақаласы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ғылыми гранты есебінен қаржыландырылды (грант №АР19677579).

## БИБЛИОГРАФИЯ

1. Yessenbekova U.M., (2019). Transformation of human and society in the digital age (media-psychological aspect). Scientific monograph / Approved by the

- Academic Council of L.N.Gumilyov ENU, Printing house of L.N.Gumilyov ENU. – Astana. – 2019. – p.226. [in Kazakhstan]
2. Сабитов Р.А. Политический анализ теории коммуникативного процесса Г.Лассуэлла и его роль в формировании информационной политики / Краснодар: Кубанский гос. техн. ун-т, 1999. – 233 с.
3. Ибраев А.Ж. Основные направления политики реализации связей с общественностью (на примере НДП «Нур Отан»): автореф. ...канд. политических наук: 23.00.02. – Алматы, 2008. – 24 с.
4. Nair B., Janenova S., Serikbayeva B., (2019). A Primer on Policy Communication in Kazakhstan, [https://doi.org/10.1007/978-981-15-0610-9\\_1](https://doi.org/10.1007/978-981-15-0610-9_1)
5. Дорбетханулы Т. Партиялық саяси имиджді қалыптастырудағы коммуникациялық байланыстың рөлі // «Саясат» журналы, №2, 2003. – 62-64 бб.
6. Хабермас Ю. Моральное сознание и коммуникативное действие / Научное издание. С-Пб.: Питер, 2000. – 380 с.

## **МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВТЫҢ РЕДАКТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ (Ақынның 100- жылдық мерейтойына орай)**

**Бақыт Баткеева,**  
ф.ғ.к., Л. Гумилев атындағы ЕҰУ Баспасөз және  
баспа ісі кафедрасының доценті,  
Астана, Қазақстан

Қазақстанның халық жазушысы, мемлекеттің сыйлықтың лауреаты, Ы.Алтынсарин медалінің иегері, қазақ мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер, Мұзафар Әлімбаевтың қазақ баспасөзі мен баспаісіне де қосқан үлесі зор.

Ұлы Отан соғысынан кейін офицер Мұзафар Әлімбаев жеті жылдай әскери қызмет атқарады. Соғыс шайқастарында да, соғыстан кейін әскери қызметінде де майдандық газеттерде, «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» Павлодар облыстық газеті «Қызыл ту», т.б. қазақ газеттері мен журналдарына патриотизм, қаһармандық тақырыптарына өлең- жырлар, өзекті мақалаларын үзбей жариялап отырды.

Әскери қызметін 1948 жылы толы аяқтап, жас ақын Алматыға келеді. Алдында үлкен мақсаттар, асыл армандар. Болашақ жоспарлар... Бір әңгімесінде Мұзағаң – «мені балапан-балғын жырларым армиядан елге қайтарды!»- деген екен. Әскери қызметке 7.5 жылын сарп еткен жас ақын астанаға келгеннен кейін , үш айды араға салып, «Пионер»журналының поэзия бөлімі меңгерушісі боп бекітіледі. Сөйтіп Мұзағанның муза әлеміндегі шеруі басталады.